

"ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 қыркүйектегі N 988 қаулысы

Ескерту. Заң жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2005.06.01. N 545 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

"ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы

"ЖҚТБ ауруының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 5 қазандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 16-17, 212-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

" 1 - б а п . Н е г і з г і ұ ғ ы м д а р

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) АҚТҚ - адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышы;
- 2) АҚТҚ инфекциясы - адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышынан туындаған ауру;
- 3) ЖҚТБ - жұқтырылған қорғаныш тапшылығы белгісі - адамның қорғаныш жүйесі, адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышынан қатты зақымдалудан туындайтын патологиялық белгілер байқалатын АҚТҚ инфекциясының түпкілікті сатысы;
- 4) АҚТҚ жұқтырған - аурудың клиникалық белгілерісіз адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышын жұқтырған адам;
- 5) ЖҚТБ-мен ауыратын науқас - адамның қорғаныш жүйесі адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышынан қатты зақымдалудан туындайтын әр түрлі патологиялық белгілері бар адам;
- 6) жасырын тексеру - адамның жеке басын сәйкестендірусіз адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышын медициналық тексеру;

7) құпия куәландыру - талқыланып отырған мәселелер осы екі адамның құпиясы болып табылатын, медицина қызметкері мен тексерілуші адамның арасындағы өзара сенімді қатынастар негізіндегі медициналық тексеру;

8) диспансерлеу - денсаулық сақтау ұйымдарында АҚТҚ жұқтырғанға және ЖҚТБ-мен ауыратын науқасқа денсаулық жағдайын қадағалау мен емдеу-алдын алу көмегін көрсету;

9) медициналық куәландыру - азаматтарды адамның қорғаныш тапшылығының қоздырғышын жұқтыруға медициналық тексеру.

2-бап. ЖҚТБ-ның алдын алу мен емдеуді жүзеге асырушы органдар мен ұйымдар

Бұқаралық ақпарат құралдарының және қоғамдық бірлестіктердің қолдауымен ЖҚТБ ауруының алдын алуды және емдеуді жүзеге асыратын органдар мен ұйымдарға Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, денсаулық сақтау басқармалары (департаменттері), ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтар, қан орталықтары, сондай-ақ олардың құзыретіндегі мәселелері жөніндегі басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдар жатады."

2. Мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

"2-1-бап. Мемлекет кепілдіктері
Мемлекет мыналарға кепілдік береді:

1) тегін негіздегі жасырын тексерудің, ерікті, құпия медициналық куәландырудың қол жетімділігі мен сапасына, диспансерлеуді, психологиялық-әлеуметтік және өзге де медициналық консультация беруді қамтамасыз етуге;

2) ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталықтар мен ілеспе аурулар бейіні бойынша ұйымдарда АҚТҚ жұқтырғандарға және ЖҚТБ-мен ауыратын науқастарға тегін медициналық және дәрілік көмек көрсетуге;

3) АҚТҚ инфекциясынан тегін емдеуге;

4) АҚТҚ инфекциясының анадан ұрыққа берілу қаупін азайту жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуына;

5) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықтың Қазақстан Республикасындағы және әлемдегі АҚТҚ/ЖҚТБ жөніндегі эпидемиялық ахуал, алдын алу шаралары, ғылым мен медицина практикасының жетістіктері туралы ақпараттануына;

6) балалар мен жастарды АҚТҚ инфекциясының профилактикасына оқытуға;

7) АҚТҚ жұқтырғандарды, ЖҚТБ-мен ауыратын науқастарды және АҚТҚ инфекциясымен профилактикалық, емдеу-диагностикалық және ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын медицина қызметкерлерін әлеуметтік қорғауға.

Осы Заңды бұзуда кінәлі адамдар қолданылып жүрген заңға сәйкес жауапты болады

"

3. 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының,

шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ
адамдардың АҚТҚ жұқтыруға
медициналық куәландырудан өту құқығы

Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ республика аумағында тұратын немесе жүрген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында АҚТҚ жұқтыруын анықтауға тегін жасырын тексерілуіне, ерікті, құпия, медициналық куәландырудан өтуіне құқығы бар.

16 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мен іс-әрекетке қабілетсіз адамдарды АҚТҚ жұқтыруға куәландыру олардың заңды өкілдерінің келісімімен жүргізіледі.

Медициналық куәландырудан өткен адамның өз қалауы бойынша сол немесе басқа денсаулық сақтау ұйымында қайта медициналық куәландырудан өтуіне құқығы бар.

Медициналық куәландыру кезінде АҚТҚ жұқтырғанды анықтаған денсаулық сақтау ұйымдары оны нәтижесі туралы хабардар етеді, өзінің және айналасындағылардың денсаулығын сақтауға бағытталған сақтандыру шараларын сақтау қажеттігі туралы
а қ п а р а т б е р е д і .

Диагностикаға, емдеуге, зертханалық зерттеулердің нәтижелеріне қатысты мәліметтер құпия болып табылады және тек олар тікелей қатысты адамға, оның заңды өкіліне немесе денсаулық сақтау, прокуратура, тергеу және сот органдарының сұрауы бойынша ғана берілуі мүмкін.

АҚТҚ жұқтыруға медициналық құпия куәландыру мен жасырын тексерудің тәртібін денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындайды".

4 . 6 - б а п т а :

тақырыбында "ЖҚТБ-ға медициналық тексеру" деген сөздер "АҚТҚ-ға медициналық куәландыру" деген сөздермен ауыстырылсын";

бірінші бөлім "денсаулық сақтау прокуратура, тергеу және сот органдарының сұрауы бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші, төртінші, бесінші және алтыншы бөлімдер алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Қан, басқа да биологиялық сұйықтар, ұлпа еттер мен ағзалар донорлары міндетті медициналық куәландыруға жатады."

5. 7-бап мынадай мазмұндағы бесінші бөліммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының заң актілерімен көзделген жағдайлардан басқа, АҚТҚ-ға тексерудің нәтижелері туралы сертификаттарды (анықтамаларды) талап етуге
т ы ы м с а л ы н а д ы . "

6. 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Жекелеген адамдар мен кәсіптерге қатысты
АҚТҚ-ны жұқтырудың алдын алу шаралары

АҚТҚ жұқтырғандарға және ЖҚТБ-мен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау, тұрмыстық қызмет көрсету саласының ұйымдары

қызметшілері, пациенттер мен клиенттерді АҚТҚ-дан қорғауды қамтамасыз етуге м і н д е т т і .

АҚТҚ жұқтырғандарға қан, ұлпа еттер және ағза донорлары болуына тыйым с а л ы н а д ы . " .

7. 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:
"12-бап. ЖҚТБ-мен кәсіби ауыру туралы

Медицина және фармацевтика қызметкерлері, медициналық, ғылыми-зерттеу институттарының, ғылыми орталықтар мен АҚТҚ жұқтырылған материалмен жұмыс істейтін басқа да ұйымдар қызметкерлерінің қызмет және кәсіби міндеттерін орындау үстінде АҚТҚ жұқтыруы кәсіби ауруларға жатады.

Өздерінің қызмет міндеттерін орындау ЖҚТБ-мен кәсіби ауыруға әкелетін медициналық және өзге қызметкерлерге ЖҚТБ жұқтырған, онымен ауырған, одан мүгедек және қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес біржолғы жәрдемақы төленеді.

Сондай-ақ АҚТҚ жұқтыру немесе ЖҚТБ-мен ауыруы өзінің тиесілі емес міндеттерін орындау кезінде болған медицина және тұрмыстық қызмет көрсету саласы қызметкерлерінің аталған жәрдемақыға құқығы бар".

8. 13-бап алынып тасталсын.

9. Мынадай мазмұндағы 15-баппен толықтырылсын:

"15-бап. АҚТҚ жұқтырған және ЖҚТБ-мен ауыратын науқастардың құқықтары

АҚТҚ жұқтырғандар және ЖҚТБ-мен ауыратын науқастар Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен, тиісті халықаралық шарттармен берілген Қазақстан Республикасы азаматтарының барлық құқықтарын пайдаланады.

АҚТҚ жұқтырғандардың және ЖҚТБ-мен ауыратын науқастардың диспансерленуіне және тегін емделуіне құқығы бар.

АҚТҚ-ны жұқтырғандарға және ЖҚТБ-мен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсету кезінде ауру сипаты бойынша қандай да бір кемсітуге жол берілмейді."

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті